**Комплаенс қызметіне жауапты қызметкердің**
**2025 жылда атқарылған жұмысы жөніндегі**
**АНЫҚТАМА**

21 қаңтар 2026 жыл. Шымкент қаласы

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№2 Оңалту орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Байқау кеңесінің шешімімен штат бірлігі бекітіліп, комплаенс қызметіне жауапты маманның міндетін 19 наурыз 2024 жылдан бастап С.М.Абилдаеваға жүктелген.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№2 Оңалту орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимаратында комплаенс қызметіне жауапты маманы бойынша маңдайша ілінді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының саясатын, комплаенс-қызметтер туралы ережесі, нұсқаулықтары, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу ережелері және стандарттары әзірленіп бекітілген.

06 қаңтар 2025 жылға арналған кәсіпорын басшысымен «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітіліп, осы аталған жоспар бойынша толыққанды жұмыстар атқарылуда.

11 сәуір 2025 жылғы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу» туралы бұйрыққа сай, кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең 14.04.2024 жыл - 26.05.2025 жыл аралығы белгіленіп, ал жүргізу мерзімі 14.04.-26.05.2025 жыл аралығы болып бекітілген.

Аталған бұйрық негізінде, 11 сәуір 2025 жылы кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

14 сәуір 2025 жылғы кәсіпорынның «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы» анықтамасына сай, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары: соқтығысумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың ережелерін анықтау, персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, ақпараттық жүйелерді әзірлеуге және пайдалануға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау барысында түзілген.

Ішкі талдау жүргізу барысында мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында, сыбайлас жемқорлық тәуекелі жалпы медициналық қызмет көрсету кезінде пациенттерді тіркеу және дәрігерге қаралу барысында, анықтамалар алу барысында, науқас баланы емдеуге жатқызғанда немесе емдеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекеліне алып келуі мүмкін, сонымен қатар бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында ақылы қызмет көрсетуге арналған арнайы орында бақылау камерасымен толық жабдықталып, заң талаптарына сай қызмет көрсетуде.

Кәсіпорын бөлімшелерінде мүдделер қақтығысы, яғни басшымен жұмысқа қабылданған қызметкерлердің үлестестігіне, жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының жұмысының үйлесімділігіне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломы) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар тексерілді, барлық қызметкерлер тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жеке істерінде соттылығының жоқтығы туралы растайтын құжаттары бар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша заңды тұлғалармен жасалған шарттар бойынша ішкі талдау жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу бөліміне мониторинг жүргізілді. Мемлекеттік сатып алу саласындағы жұмыс электрондық форматта мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады «goszakup.gov.kz» «тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен мамандардырылған емдік өнімдерді сатып

алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысына сай жүргізіледі.

Тауарлар мен қызметтерді сатып алу, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізіледі. Тауар жеткізу немесе қызмет көрсету мерзімдерін өткізген өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы сот шешімдері бар, атап айтқанда кәсіпорын мен «ТехноСервисПро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында шарт жасалып, алайда өнім беруші тарап келісім шартты көрсетілген мерзімде орындамағандықтан, кәсіпорын арызбен сотқа жүгінген.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен «ТехноСервисПро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған, кәсіпорынның пайдасына 4 655 теңге тұрақсыздық айыппұл, 140 теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары және 1846 теңге мемлекеттік баж өндіру туралы сот шешімі шыққан.

Сонымен қатар кәсіпорын мен жеке кәсіпкер «IKIGAI» Group Аманбек Әсел Сейілқызы арасында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізіліген мемлекеттік сатып алудың қорытындысына сәйкес, 418 000,00 теңге қаржыға тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы 2025 жылғы 25 ақпанда №10 шарт түзілген, алайда өнім беруші тарап келісім шартты көрсетілген мерзімде орындамағандықтан, кәсіпорын арызбен Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жеке кәсіпкер «IKIGAI» Group Аманбек Әсел Сейілқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіруді туралы талап арызбен жүгінген.

Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы бағаның көтерілуіне жол бермеу үшін медианалық бағаларды үнемі қадағаланып отырылады.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өздігінен сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулы шеңберінде және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы тендер өткізіледі.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына қатысты науқастардың өтініштерін тұрақты негізде ерекше бақылауда ұстау және Кәсіпорын бөлімдерінің қызметкерлері мен басшылар, бекітілген персоналды қызметіне қатаң бақылауды қамтамасыз ету және қызметкерлердің өздерінің функциональдық міндеттері мен

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтауы қажет екендігін ұсынылды.

21 мамыр 2025 жылы кәсіпорында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау анықтамасына жария талқылау хаттамасы түзіліп, кәсіпорын басшысы қызметкерлерге жиналыс өткізіп, ішкі талдаудың бағыттарын, сипаттамасы және нәтижелері туралы айтып өтті, кәсіпорынның арнайы сайтына ілінді.

Сонымен қатар ішкі талдау анықтамасына байланысты, 26 мамыр 2025 жылы және 03 шілде 2025 жылы кәсіпорынның басшысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу» жөніндегі іс-шаралар жоспары, нәтижелері, анықтамасы, бұйрық, комплаенс қызметі бойынша барлық бекітілген құжаттар кәсіпорынның арнайына сайтына жарияланып отырады.

Сонымен қатар инстаграмм және facebook желілеріне комплаенс қызметкерінің мақалаларымен хабарландырулары жарияланып тұрады.

Кәсіпорын басшысы мен кәсіпорын қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық жасалуына жол бермеу мақсатында алдын ала іс-шаралар жүргізіліп, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті семинарлар, жиналыстар ай сайын өткізіліп тұрады, яғни:

15 қаңтар 2025 жылы кәсіпорын қызметкерлеріне «Жемқорлық – мемлекет дамуына кері әсері» атты семинар өткізілді, семинар барысында қызметкерлерге Сыбайлас жемқорлыққа – қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа дәнекер болу, қызметке жақындарын тағайындау, сеніп тапсырылған өзгенің мүлкін иелену және ысырап ету, жалған қорытынды беру, жалған сөз жеткізу, қарапайым азаматтардың ақысын жеп, елдің дамуына үлес қосуға мүмкіншілік бермеу және тағы басқа қылмыстарды жатқызуға болатындығы бойынша түсіндірме жүргізіп, хаттамамен бекітілген.

05 ақпан 2025 жылы кәсіпорын қызметкерлеріне «Мемлекеттік қызметкер – еліміздегі билік жүйесінің бет бейнесі» тақырыбында семинар сабағы өткізіліп, Мемлекеттік қызметкер – еліміздегі билік жүйесінің бет-бейнесі екендігі, заң бұзғандардың ішінде пара алу дерегі көп тіркелгендігі, жыл басынан бері жолынан жығылғандардың жалпы саны 842 болса, оның 22,6 пайызы сыбайлас жемқорлыққа жол бергендер, оның өткен жылға қарағанда бұл статистика 4,4 пайызға көп болғандығы, көрсеткіш бойынша – 190 мемлекеттік қызметкер анықталғандығы, сонымен қатар мемлекеттік қызметпен қатар алаяқтықпен де

айналысып жүргендер яки ұсталғандар 167 адамға жеткендігі туралы лекция оқылып, хаттамамен бекітілген.

17 наурыз 2025 жылы кәсіпорын қызметкерлеріне «Сыбайлас жемқорлық: алғышарттары мен алдын – алу ерекшеліктері тақырыбында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негіз қалаушы буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді айқындау және барынша азайту, қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін қозғайтын шешімдерді қабылдаған кездегі ашықтықтың жеткіліксіз болуы, мемлекеттік аппараттың қызметінде тиісті азаматтық бақылаудың және қоғамдық пікірді ескерудің болмауы артық төрешілдікке, әкімшілік кедергілер мен лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануға алып келуі, бұл жиынтығында сыбайлас жемқорлық көріністерінің өсуіне ықпал ететін келеңсіз факторларды қалыптастырады. Біздің еліміздеде сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға қатысты іс-шаралар қолданылғаны бойынша оқу семинары өткізіліп, жазбаша хаттама жүргізіліп, түсіндірме жұмыстары өткізілді.

14.04.2025 жылы кәсіпорын қызметкерлеріне «Жемқорлық-індет, онымен күресу - міндет» атты тақырыбында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы» Заңы, «Мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншіліктіні немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүлікті пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу», сыбайлас жемқорлықтың зардаптары, қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіретіндігі бойынша лекция оқылып, хаттама жазылып, видеоролик көрсетілді.

15 мамыр 2025 жылы кәсіпорын қызметкерлеріне «Қазақстанда пара беру мен оған делдал болғандардың жазасы» тақырыбы атты жиналыста пара алушымен қатар, пара берушінің де жазаланатындығы айтылды. Сонымен қатар, пара бергені үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе параның 50 еселенген сомасына дейінгі мөлшерде айыппұл салу көзделгендігі, егер пара сомасы 2 айлық есептік көрсеткіштен аспаса, онда әкімшілік жауапкершілік туындайтындығы, ал жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы бергені үшін Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекспен 200 АЕК мөлшерінде айыппұл қарастырылған.

Парақорлық — ең қауіпті сыбайлас жемқорлық, қызметтік қылмыс. Бұл мемлекеттік аппараттың беделіне нұқсан келтіреді, шенеуніктерге пара беру арқылы қалаған нәтижеге жету мүмкіндігі туралы идеяны тудырады.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі ретінде анықталған жайлы, лекция оқылып, хаттама түзіліп, парақорлық жайлы видеоролик көрсетілді.

12 маусым 2025 жылы кәсіпорын қызметкерлеріне «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы» тақырыбында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы», мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – парақорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналамызды ашкөз алаяқтардан аластап, қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз туралы хаттама жазылып, оқылды, видеороликтер көрсетілді.

Сондай – ақ, 09 шілде 2025 жылы кәсіпорын қызметкерлеріне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес» атты лекция оқылып, хаттаама жазылып, бейнероликтер көрсетілді.

22 тамыз 2025 жылы кәсіпорын қызметкерлеріне «Жемқорлықтың ең қауіптісі – парақорлық» тақырыбында семинар жүргізіліп, хаттама жазылып, бейнероликтер көрсетілді.

30 қыркүйек 2025 жылыкәсіпорын қызметкерлеріне «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы» тақырыбында лекция оқылып, хаттамамен бекітілді.

10 қазан 2025 жылы «Мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет» тақырыбында лекция оқылып, хаттамамен бекітілді, бейнероликтер көрсетілді.

14 қараша 2025 жылы «Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі» атты тақырыпта семинар оқылып, хаттама жазылды.

15 желтоқсан 2025 жылы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – баршамыздың міндетіміз» атты тақырыпта семинар оқылып, хаттама жазылды, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағандары үшін ұстау туралы бейне роликтер үздіксіз көрсетіліп отырады.

Сонымен қатар кәсіпорын басшысымен «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары» бойынша кәсіпорындағы ем қабылдаушы балалардың аналарынан (өкілдерінен) және кәсіпорынның қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлық туралы пікірін зерделеу бойынша жылына екі рет сауалнама жүргізіліп, «Жұмыс орнында жоғары тұрған тұлғалардан ақша жинау, қысым көрсету, қорқытып алу жағдайлары болмаған және жұмыс орнында сыбайлас жемқорлықтың фактілері анықталмаған.

Кәсіпорын әкімшілігі құқық бұзушылықтардың, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдап, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жұмыс атқарады.

**Комплаенс қызметіне жауапты маман** **С.М.Абилдаева**